

"2020-2022 жылдарға арналған Майлыбас ауылдық округінің бюджеті туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 365 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 28 қазандағы № 497 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 2 қарашада № 7767 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 109-1-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес, Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2020-2022 жылдарға арналған Майлыбас ауылдық округінің бюджеті туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 365 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7188 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Майлыбас ауылдық округінің бюджеті 1, 2, 3 - қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 90456 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 2564 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 87892 мың теңге;

2) шығындар – 90456 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 0."

2-тармақ жаңа мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) Білім беру 2487 мың теңге."

Аталған шешімнің 1 - қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазалы аудандық мәслихатының кезектен тыс LХV сессиясының төрағасы

А. ОРЫМБАЕВ

Мәслихат хатшысының міндетін атқарушы

Қ. МАМБЕТЖАН

Қазалы аудандық мәслихатының
2020 жылғы 28 қазаны № 497
шешіміне қосымша

Қазалы аудандық мәслихатының
2019 жылғы 26 желтоқсандағы №365
шешіміне 1-қосымша

2020 жылға арналған Майлыбас ауылдық округінің бюджеті

Санаты		Сыныбы		Сомасы, мың теңге
		Кіші сыныбы		
		Атауы		
			1. Кірістер	90456
1			Салықтық түсімдер	2564
	04		Меншікке салынатын салықтар	2564
		1	Мүлікке салынатын салықтар	15
		3	Жер салығы	129
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2420
4			Трансферттердің түсімдері	87892
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	87892
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	87892
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама			
			Атауы	

			2. Шығындар	90456
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	25993
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	25993
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	25993
4			Білім беру	42690
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	42690
		041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	42690
7			Т ұ р ғ ы н үй-коммуналдық шаруашылық	8594
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	1320
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	1320
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	7274
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2751
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	446
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	4077

8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	13179
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	13179
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	13179
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	(0
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(0